

«Қазспортинвест» АҚ
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы 01 желтоқсандағы
№3 хаттамасына
№3 қосымша

«Қазспортинвест» АҚ
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы 01 желтоқсандағы
№3 шешімімен бекітілген

«Қазспортинвест» акционерлік қоғамының Іскерлік әдебінің кодексі

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазспортинвест» акционерлік қоғамының іскерлік әдебінің Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Қазспортинвест» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына және басқа да ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес, іскерлік мінез-құлық пен басқарудың танылған стандарттарын ескере отырып әзірленген.

2. Кодекс Қоғамның барлық қызметкерлері басшылыққа алатын қағидалар мен этикалық нормалардың жиынтығы болып есептеледі.

3. Қоғам қызметкерлерінің Кодекстің ережелерін білуі және ұстануы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібінің сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

4. Осы Кодекстегі этикалық нормалар мен талаптар Қоғамның барлық қызметкерлері үшін міндетті және бұлжытпай орындалуға тиіс.

5. Кодексте келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) іскерлік этика – Қоғамды, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік қарым-қатынастың этикалық қағидастары мен нормаларының жиынтығы;

2) Қоғамның лауазымды тұлғасы – Қоғамда тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлға (Қоғамның Президенті, Вице-Президенттері);

3) қызметкер – Қоғаммен еңбек қатынастарында болатын және еңбек шарты бойынша міндеттерді тікелей орындайтын жеке тұлға;

4) мүдделі тұлғалар – Қоғаммен құқықтық қатынастарға түсетін жеке және заңды тұлғалар;

5) комплаенс-менеджер – Қоғамның атқарушы органы мен лауазымды тұлғаларынан қарамастан өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін Қоғам қызметкері. Комплаенс-менеджер Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарының сақталуын қамтамасыз етуде тәуелсіз болып табылады;

б) мүдделер қайшылығы – қызметкердің (оның отбасы мүшелерін қоса алғанда) жеке мүдделері олардың лауазымдық өкілеттіктеріне және/немесе Қоғамның мүдделеріне қайшы келетін, осы қызметкердің өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауына әсер етуі, сондай-ақ, Қоғамның мүдделері мен мүліктік немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруге әкеп соғуы мүмкін жағдайлардың туындауы;

7) Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің қызметтік (лауазымды) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерді жеке немесе басқа жолмен алу немесе пайда алу мақсатында заңсыз пайдалануы, өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар беруге делдалдар, сондай-ақ жеңілдіктер мен артықшылықтар беру арқылы осы тұлғаларды сатып алу.

6. Кодексте пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мағыналары бар.

2 тарау. Қоғамның іскерлік этикасының құндылықтары мен қағидаттары

7. Қызметкер өзінің еңбек міндеттерін орындау барысында келесі қағидаттарды ұстануы тиіс:

1) адалдық пен әділдік:

Қызметкердің адалдығы мен әділдігі оның кәсіби және жеке мінез-құлқының мінсіз стандарттарын сақтауын, өз жұмысын білікті, адал орындауын, қорытындылары мен шешімдерінде бейтараптылықты сақтауын болжайды;

2) әдептілік

Қызметкер өзінің кәсіби қызметінде мейірімді, дұрыс және адал болуы және Қоғамның беделін нығайтуы тиіс;

3) кәсіби күзіртетгілік

Қызметкер өзінің біліктілігі мен жұмыс сапасын, заңнаманы, нормативтік-құқықтық актілерді, әдістемелер мен әдістемелік ұсыныстарды, нұсқаулықтарды білуін, сонымен қатар тәжірибелік дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруы қажет.

4) мінсіз мінез-құлық:

Қызметкер Қоғамның беделін нығайтуға жан-жақты үлес қосады, құқық бұзушылыққа жол бермейді және оның беделі мен Қоғамның беделіне нұқсан келтіретін мінез-құлықтан аулақ болады. Қызметкер өзінің кәсіби қызметінде заңнаманың нормаларын, өзінің қызметтік міндеттерін және жалпы қабылданған этикалық нормаларды қатаң басшылыққа алады;

5) бейілділік

Қызметкер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына адал және берік болуы керек.

3 тарау. Іскерлік этика нормалары

8. Қоғам қызметкерлері өз қызметін жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және Қоғамның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, осы Кодекстің ережелерін қатаң ұстанады.

9. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру барысында Жалғыз акционерге, Директорлар кеңесінің мүшелеріне және қызметкерлерге әділ, құрметпен және этикалық нормалардың ұстанымымен қарайды.

10. Қызметкерлері:

1) адал, әділ, қарапайым болу, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, азаматтармен және әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;

2) қабылданған шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;

4) мемлекет мүдделеріне нұқсан келтіретін, Қоғамның жұмыс істеуіне кедергі келтіретін немесе тиімділігін төмендететін әрекеттерге қарсы тұруға;

5) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін кәсіби деңгейін және біліктілігін арттыру, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды ұстануға;

6) өз іс-әрекетімен, мінез-құлқымен қоғам тарапынан сын тудырмау, сын үшін қудалауға жол бермеу, сындарлы сынды кемшіліктерді жою және қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

7) жеке мәселелерді шешуге ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

8) шындыққа жанаспайтын ақпаратты таратпауға;

9) қызметтік тәртіпті қатаң сақтау, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және тиімді орындау, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;

10) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылық пен құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеуге міндетті.

4 тарау. Кәсіби қарым-қатынастағы мінез-құлық стандарттары

11. Әріптестерімен ресми қарым-қатынаста Қоғам қызметкерлері:

1) ұжымда іскерлік және достық қарым-қатынастар мен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және нығайтуға ықпал етуге

2) басқа қызметкерлердің қызметтік этика нормаларын бұзуының жолын немесе оның алдын алу бойынша өзге де шараларды қабылдауға;

3) ұжымдағы ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін әріптестердің жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан аулақ болуға;

4) Қоғамның корпоративтік ресурстарын (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: мүлік, ақша, зияткерлік меншік, бедел, құқықтар, артықшылықтар, ақпарат және оның көздері, құжаттама, құралдар мен байланыс арналары, бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б.) қорғау, оларды тиімді және ұқыпты

пайдалану, оларды жеке баю, пайда алу немесе Қоғамның қызметіне қатысы жоқ кез келген басқа қызмет үшін пайдаланбауға;

5) әріптестерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге міндетті.

12. Бағыныштылармен қарым-қатынаста басшылық лауазымдарды атқаратын қызметкерлер:

1) мінез-құлқымен бейтараптық, әділдік, жанқиярлық, жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу үлгі болуы;

2) қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу мен жазалау шараларын қолдану барысында әділдік пен бейтараптық көрсетуі;

3) кадрлық мәселелерді шешу кезінде меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуі;

4) Қызметкерлерді кемсітудің және олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғудың кез келген түрлерін болдырмайтын, денсаулықты қорғауға, қауіпсіз жағдайлар мен қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасауға бағытталған шаралар қабылдауы;

5) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауы;

6) ешкімді заңсыз әрекеттерге, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келмейтін әрекеттерге мәжбүрlemeуі;

7) оларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілікке, қорлауға, әдепсіздікке және дұрыс емес мінез-құлыққа жол бермеуі тиіс.

13. Төменгі лауазымдардағы қызметкерлер:

1) басшылардың нұсқауларын орындағанда тек объективті және шынайы ақпарат беруге;

2) өздеріне белгілі болған кәсіптік әдепті бұзу және Қоғамның беделін түсіретін тәртіптік құқық бұзушылықтар туралы Қоғамның басшысына немесе комплаенс-менеджерге дереу жеткізуге;

3) басшының заңды тапсырмаларын орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге міндетті.

14. Лауазымды тұлғалар мен Қызметкерлер, мәртебесі мен лауазымына қарамастан, функционалдық міндеттерін орындау үшін келесілерді қабылдауға құқысыз:

– заңды және жеке тұлғалардан ақшалай, қызмет көрсету түріндегі және кез келген басқа түрдегі сыйақы;

– ресми бағынысты тұлғалардың сыйлықтары немесе қызметтері.

15. Лауазымды тұлғалар мен Қызметкерлер Қоғамның қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етпеуді қамтамасыз етуге бағытталған Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген ережелерді, рәсімдерді және рәсімдерді сақтауға міндетті.

16. Лауазымды тұлғалар мен Қызметкерлер басшылықтың тікелей нұсқауынсыз немесе тікелей берілген өкілеттісіз Қоғам атынан кез келген тақырыпта көпшілік алдында сөз сөйлеуге, мәлімдеме жасауға немесе сұхбат беруге жол бермеуі керек.

5 тарау. Жалғыз акционер

17. Қоғамның басты міндеті Жалғыз акционердің мүддесін қорғау болып табылады. Жалғыз акционер Қоғамның қызметі туралы ақпаратты тұрақты және уақтылы алуға құқылы. Жалғыз акционермен қарым-қатынаста Қоғам ашықтық пен ақпараттық ашықтық қағидаттарын басшылыққа алады.

6 тарау. Мүдделі тараптармен қарым-қатынастағы этика

18. Қоғам мүдделі тұлғалармен өзара тиімділік, ашықтық және келісім-шарттардың талаптарына сәйкес қабылданған міндеттемелер бойынша толық жауапкершілік қағидаттарында өзара іс-қимыл жасайды.

19. Қоғам мүдделі тұлғалармен жасалған шарттардың/келісімдердің талаптарын ұстанады және олардың алдындағы өз міндеттемелерін орындайды.

20. Қоғам адал және еркін бәсекелестікті ұстанады, оның беделіне теріс әсер ететін және серіктестердің Қоғамға деген сеніміне нұқсан келтіруі мүмкін жосықсыз бәсекелестіктің кез келген көріністерін айыптайды.

21. Қоғам өз қызметінде мүдделі тұлғаларға негізсіз жеңілдіктер мен артықшылықтар жасауға жол бермейді.

7 тарау. Қызметкерлердің сыртқы түрі

22. Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары Қоғамның іскерлік имиджін қалыптастыратын іскерлік стильді ұстануы керек. Қоғам бірнеше жалпы талаптарды тұжырымдайды:

- 1) киім үлгісі іскерлік, киім ұқыпты болуы керек;
- 2) жұмыс орнында сырт киім немесе бас киіммен жүруге болмайды.

7 тарау. Жауапкершілік

23. Әрбір қызметкер өз іс-әрекетінде этикалық нормаларды сақтауға жауапты.

24. Осы Кодекстің ережелерін бұзу белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілікке ұшыратады.
